

Махамбетова Жамиля Тарғынқызының 6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» атты диссертациясына

АҢДАТПА

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі.

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің жаңа миссиясы – барлық азаматтардың білім алуына және білімге қол жеткізуіне тең құқықты қамтамасыз ету арқылы қоғамдағы үлкен әділеттілік пен әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу үшін жағдай жасау. Білім алу құқығы Қазақстан Республикасы азаматының негізгі конституциялық құқықтарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздейді.

Жоғары білім беру стандарттары студенттердің табысты кәсіби іс-әрекеті үшін құзыреттерін қалыптастыруды көздейді. Осыған байланысты, педагогикалық ғылым мен тәжірибеде кәсіби құзыреттерді қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады, ол білім беру нәтижелеріне қойылатын стандарттар талаптарында көрініс табады. Біздің зерттеуіміздің негізі әлеуметтік педагогтарының Халықаралық әлеуметтік педагогтар қауымдастығы кәсіби құзыреттерінің тұжырымдамалық негізі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар санаты өмір бойы әлеуметтенуге, оқуға және табысқа жетуге үлес қосатын мамандарды қажет етеді. Әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау мәселелері С. Cameron, Р. Moss, Davies Jones.Н., J. Hämmäläinen, В.А. Сластенин, Н.Д. Хмель, Л.В. Мардахаев, И.Р. Халитова, А.А. Булатбаева, Н.С. Әлфожаева, А.С. Мағауова еңбектерінде қарастырылды. Инклюзивті білім беру үшін мамандарды кәсіби даярлауды Д. Митчелл, Дж. Хейл, Т. Лорман, Дж. Портер, И. Баранаускиене, С.В. Алехина, В. В. Хитрюк, т.б. зерделеді. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды еңбекке кәсіби даярлауға елеулі үлес қосқан қазақстандық ғалымдар: Р.А. Сулейменова, З.А. Мовкебаева, С.Д. Аубакирова, А.Р. Рымханова, А.Қ. Рсалдинова, Ж.И. Сардарова, С.Қ. Әбілдина, А.Т. Искакова.

Осылайша, әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау тәжірибесі педагогтарды оқытудың теориясы мен тәжірибесінде жинақталған.

Талдау барысында болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беруде жұмыс істеуге кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мәселесі өзекті және жеткіліксіз зерттелгенін көрсетті.

Зерттеу нысаны – болашақ әлеуметтік педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге кәсіби даярлау жүйесі.

Зерттеу пәні – университетте инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру процесі.

Зерттеудің мақсаты: инклюзивті білім беруде жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды теориялық және әдістемелік базасын ғылыми-практикалық негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

1. «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» мәселесінің теориялық және әдістемелік негіздерін ашу, тұжырымдаманың мәнін анықтау.

2. Қазақстан Республикасында, Литвада және Германиядағы инклюзивті білім берудегі әлеуметтік педагогтарды даярлау мәселесіне салыстырмалы талдау жүргізу;

3. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

4. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үдерісін модельдеу;

5. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігін эксперименттік түрде тексеру;

6. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру бойынша дәлелді қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау.

Зерттеу болжамы болашақ әлеуметтік педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында еңбекке даярлау үшін әзірленген модель негізінде инклюзивті білім берудегі әлеуметтік педагогтың рөлі мен орнын түсінуі негізінде жүзеге асырылатын болады деген болжамға негізделген, егер болашақ әлеуметтік педагогтарды инклюзивті білім беруде жұмыс істеуге дайындау студенттердің инклюзивті білім берудегі әлеуметтік педагогтың рөлі мен орнын түсінуіне және инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық үрдістерді, инклюзивті білім берудегі әзірленген модель негізінде акмеологиялық, аксиологиялық, жүйелік, құзіреттілік тұғырларға негізделген педагогикалық шарттарды жүзеге асыруда отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін ескере отырып, болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мүмкіндігін арттырады.

Зерттеудің жетекші идеясы – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үдерісінің әзірленген моделі негізінде олардың кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңмен дамыту есебінен жүзеге асырылады.

Зерттеу әдістері: салыстырмалы әдіс; модельдеу; сауалнама, тестілеу, сұхбат, контент-анализ, статистикалық әдістер (Спирменнің корреляциялық талдауы, студенттің Т-критерийі, дисперсиялық талдау). Деректерді статистикалық өңдеу Microsoft Excel компьютерлік бағдарламалары мен SPSS 23 статистикалық жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы локальдық этикалық комитетінің мақұлдау рәсімінен өтті.

Зерттеу базасы: лонгитюдті эксперименттік зерттеуге 2018-2021 ж.ж. аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Әлеуметтік

педагогика және өзін-өзі тану" білім беру бағдарламасының 34 бакалавриат студенті қатысты. Бақылау тобын Абай Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің "Әлеуметтік педагогика" мамандығының 34 бакалавриат студенті құрады.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттер кешенін таңдауды көздейтін халықаралық нормативтік құжаттарды ескере отырып, болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуі үшін кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері ашылды.

2. «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» ұғымына автордың анықтамасы берілді.

3. Халықаралық әлеуметтік педагогтар қауымдастығының (ХӘПҚ) әлеуметтік педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерінің тұжырымдамалық негіздерінің ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында, Литвада және Германияда инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік педагогтарды даярлаудың ерекшеліктері анықталды;

4. Мотивациялық-құндылық, мазмұндық, белсенділік құзыреттілікке негізделген құрамдас бөліктерден, критерийлерден, көрсеткіштерден және қалыптасу деңгейлерінен тұратын жүйелілікпен және кезеңдік ұйымдастыруымен сипатталатын «Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ әлеуметтік педагогтар тұлғасының кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі» әзірленіп, сынақтан өтті.

5. «Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үдерісінің моделі» әзірленді және сынақтан өтті.

Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы:

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың жұмысқа кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері негізделген; болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа кәсіби құзыреттерін қалыптастыру - инклюзивті білім беру жағдайында табысты қызметке қабілеттілік пен дайындықтан көрінетін тұлғалық интегралдық қасиеттерді кезең-кезеңмен дамыту процесі университеттік оқыту жағдайында алынған білімге, дағдыға, тәжірибеге, құндылықтарға және бейімділікке негізделген.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1. «Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік педагогтың қызметі» оқу-әдістемелік кешен баспада шығарылымда, сондай -ақ, «Social pedagogue in the system of inclusive education», болашақ әлеуметтік педагогтардың еңбекке кәсіби құзыреттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленуде;

2. 7M01103-Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар білім беру бағдарламасы әзірленуде;

3. «Инклюзивті білім беру жағдайындағы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін диагностикалық құралдар әзірленді;

4. «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Педагогикалық тәжірибе мазмұнына толықтырулар» құрастырылды;

5. Таңдау компоненті – болашақ әлеуметтік педагогтарға арналған модуль бағдарламасы әзірленуде: «Білім беру ортасындағы инклюзия», ол келесі пәндерден тұрады: 1. «Инклюзивті білім берудегі тьютор», «Инклюзивті білім берудегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеу бойынша тьютор іс-әрекетіндегі инновациялық технологиялар».

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. «Болашақ әлеуметтік педагогтың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру» тұжырымдамасының мәні - инклюзивті білім беру жағдайында табысты қызметке қабілеттілік пен дайындықтан көрінетін тұлғалық интегралдық қасиеттерді кезең-кезеңмен дамыту процесі университеттік оқыту жағдайында алынған білімге, дағдыға, тәжірибеге, құндылықтарға және бейімділікке негізделген.

2. Қазақстан Республикасында, Литвада және Германияда инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге әлеуметтік педагогтарды дайындаудың салыстырмалы талдауы. Үш елдің университеттерінде әлеуметтік педагогтарды даярлаудың білім беру бағдарламаларына салыстырмалы, сипаттамалық талдау жүргізу кезінде инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеу үшін кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған құзыреттілікке негізделген тұғырды сақтаудың маңыздылығы анықталды, оның сипаты мен осы елдердегі әлеуметтік педагогтарды даярлаудағы тенденциялар анықталды, қабылдаған кәсіби құзыреттіліктер (ХӘПҚ қабылдаған) анықталды.

3. «Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі». Әзірленген модельдің нәтижесі болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттер, ұйымдастырушылық құзыреттер, жүйелік құзыреттер, араласу құзыреттері, дамыту және оқу құзыреттері сияқты кәсіби құзыреттерін қалыптастыру болып табылады.

4. «Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үдерісінің моделін» негіздеу, оның мақсаты болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру болып табылатын бейімдеу, интеграциялау, белсенділік кезеңдерін қамтиды.

5. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру үдерісі моделінің тиімділігін растайтын эксперименттік жұмыстардың нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі.

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру процесі моделінің тиімділігін растайтын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері.

Зерттеу жұмысының Мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаға сәйкестігі. Зерттеудің негізгі мемлекеттік бағдарламалармен және ережелерге

сәйкес келеді, олардың ішінде: ҚР Конституциясы; "ҚР Білім туралы заңы" (2007 ж.); ҚР-дағы Бала құқықтары туралы Заң (2002 ж.); Қазақстан Республикасында Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері (2015 ж.); және т.б. Зерттеудің негізгі нәтижелері «АР 14872130 - Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажет ететін студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» жобаны іске асыруда көрініс тапты.

Зерттеу жарияланымы мен мақұлданыуы. Диссертация Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасында талқыланды (23.11.22 ж. № 5 хаттама) және қорғауға ұсынылды. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері әр түрлі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми журналдарда ұсынылған. Диссертацияның негізгі ережелері мен идеялары автордың 33 жарияланымында, атап айтқанда 2 мақала – Scopus дерекқорына кіретін «Education and Self development», «European Journal of Educational Research» халықаралық ғылыми басылымдарында, 5 мақала – ғылым және жоғары білім саласындағы министрліктің сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда көрсетілген, 20 мақала – халықаралық конференция материалдарында және отандық және алыс шет елдердің басылымдарында жарияланды, 3 оқу-әдістемелік құрал, 3 авторлық куәлік бар.